

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития».** - 2018. - Т.1, Ч.3 – Б. 13-15

ДИЗАЙН ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫ ДАМУ

Аманжолов С.А., Мынбаева Т.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы және «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арналған биылғы Жолдауында білім берудің жаңа оқу бағдарламаларын дайындау мәселесі ерекше атап көрсетілді [1]. Былтырғы Елбасымыздың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» атты мақаласымен биылғы жолдаудың тұжырымдары сабақтас. Мақала еліміздің рухани дамуына серпін беретін негіздерді оның ішінде ұлттық сананы дамытуға бағыттайтын жолдарды айқындап берді. Қазіргі уақытта бізге қазақтың ұлттық идеологиясы ауадай қажет. Сондықтан, өз тілімізді, төл мәдениетіміз бен салт дәстүрімізді құрметтеп, сақтап қана қоймай, оны жастарға, бүкіл әлемге насихаттау, бізге, оның ішінде ғылым мен білім беру саласына, әсіресе өнерді оқыту мәселесімен айналысып жүрген ғалымдарға, жастарға жүктеліп отырған зор жауапкершілік. Егемен еліміздің көркейіп дамуына ғылымның, білімнің және өнердің қосатын үлесі өте зор екені белгілі. Жаһанданудың қарқындап жүруінде әлем елдерінің арасындағы бәсекелестіктерге төтеп беретін жан-жақты өнерлі, мәдениетті, жоғары білімді кәсіби маман дайындау басты мәселеге айналып отырғанын биылғы Жолдауда ерекше мән берілді. Мемлекетіміздің қазіргі рухани байлығымызды дамытуға, ертеңгі егемен елді басқаратын ұрпақ дайындау мәселесіне назары ерекше. Бүгінгі мектепте отырған оқушылар, ол, біздің еліміздің болашағы, мемлекетіміздің ертеңгі тізгінін алатын азаматтары. Ендеше біздің жастарымызға берілетін білім сапасы да өте жоғары болуы тиіс, ол үшін, отандық білім беру саласын әлемдік озық білім беру жүйесіне жеткізе білу, бұл қазіргі заманның бізге қойып отырған талабы. Жоғары оқу орындары мен орта мектепте өтілетін басқа пәндермен қатар, дизайн, бейнелеу өнері сабағына деген ұлттық көзқарас қалыптастыру, оқытудың озық тәжірибелерін қолданудың ғылыми негіздерімен таныстыру, оның қазіргі таңдағы мақсаттары мен міндеттерін жаңаша айқындау мақсаты Елбасымыздың осы Жолдауының жетінші бағытында ашық айтылды [2].

Ел басымыз Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен “Мәдени мұраға” ерекше көңіл бөлініп, теңдесі жоқ жұмыстар жүргізілгеніне куәміз. Еліміздің мәдени мұрасы-орны толмас құнды рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік қазына. Бұл ісіміздің маңыздылығы сол, ол біздің болашақ жастарымыздың бойына ұлтжандылық, отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыруға тікелей жол

ашты. Техника, космос тағы басқа салалардағы жетістіктерді басқа озық елдерден барып үйреніп қайтуға болар, ал ұлтымызға, ұлттық өнерімізге байланысты тарихи деректерді оқып үйренуге мүмкіншілік, тек өзіміздің елімізде ғана жүзеге асыруымызға болады, оны ешқандай озық мемлекет өзімізден артық зерттеп, өзімізден артық жастарымызға жеткізе алмайды. Жүргізілген «Мәдени мұраның» маңыздылығына мән беріп, зерттеуді қолға алғанымызға, кезінде шетелдік зиялы қауым жоғары баға берді және сол атқарған жұмыстарымыз басқа мемлекеттерге де өнегелі іс болды. Бұл біздің егемен еліміздің болашағына деген ұлтжандылық көзқарасымыздың бір керемет айғағы екенін енді ғана бағалап жатырмыз. Қазіргі егемен ел болып, керегеміз бекіп жатырғанда, өнерге жанашырлық жасау арқылы жастарымызға ұлттық өнерімізді жеткізе білу, әрбір қазақ азаматының парызы[3]. Өнердің негізгі салаларының біріне – бейнелеу өнерімен қатар дизайн мамандығы да жатады. Бейнелеу өнерінің маңыздылығын ерекше айта отырып, қазіргі дизайнның да тәрбиелік мүмкіншілігін ұмытпағанымыз жөн. Өнер адамның өзі өмір сүріп отырған ортасының әсемдігін өнер тұрғысынан түсінуіне, эстетикалық талғамының дұрыс қалыптасуына жол көрсететін ең алғашқы ілім болғандықтан, өзінің алдына қойған ерекше мақсаты мен міндеттері бар. Сурет салу немесе тарихи ғимараттардың дизайн жобасын жасау – ол өмірді, табиғатты, айнала қоршаған ортаны, елін, жерін, халықтың қолымен жасаған өнерін сүю. Ол адамның ақыл-ойын, парасатын өсіреді, рухани танымын кеңейтеді, ізгілікке, әсемдікке үйретеді. Өмірде кездесетін келеңсіз құбылыстармен күресуге тәрбиелеп, халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке баулиды. Дизайн мен Бейнелеу өнері қашанда қамқорлықты, асқан жауапкершілікті, жанашырлықты қажет ететіні белгілі. Қазіргі заманда еліміздің барлық білім беретін мекемелерінде бәсекеге қабілетті, білімді, өз ісінің іскер маманын тәрбиелеп шығару міндеті тұр. Сондықтан да өнерге байланысты қандай да мамандықты толық меңгеру үшін, сәулет, дизайн және бейнелеу өнерінің қарапайым заңдылықтарын мақсатты және жүйелі түрде үйрету мектеп қабырғасынан бастап жаңа бағдарлама түрінде жүзеге асырылуы керек. Болашақта білікті сәулетші немесе дизайнер болуда Бейнелеу өнері сабағының алатын орны мен тәрбиелік мәні өз алдына ерекше. Бейнелеу өнері сабағының негізгі міндеті – балаларға бейнелеу өнерінің барлық түрлерінен жалпы мағлұмат беру арқылы қарапайым заттардың суреттерін бейнелеуді меңгерту, өмірдегі әдемі мен жаманды ажырата білуге үйрету, ұлттық сәндік өнерімізді оқыту негізінде, оқушылардың рухани, ұлттық сана-сезімдерін қалыптастыру. Әрбір оқушы бейнелеу өнері сабағында, өзінің туған жеріндегі тарихи ескерткіштерді, оның тарихын оқып, әдемілігін, табиғаттың әсемдігін және осы әдеміліктерді өз қолдарымен қағаз бетіне бейнелеу арқылы сезіне біледі. Бейнелеу өнері сабағы балалардың жеке даралық шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ықпал жасайды. Әрине бұл қабілеттілік пен тәрбиені дарыта білу, бірінші қолданатын оқулықтың сапасына, әрбір оқушының шама шарқына қарай пән мұғалімінің білімділігі мен шығармашылық қабілетіне тікелей байланысты болатынын ұмытпауымыз

кажет[4]. Қазіргі уақытта орта мектептерде бейнелеу өнері сабағының орнына енгізілген көркем еңбектің бағдарламасындағы тапсырмалары, оның мазмұнында балаларға патриоттық тәрбие беру, сынып оқушыларының жеке даралық және табиғи даму заңдылықтарының ескерілмеуі айқын байқалады. Жаңадан құрастырылған қолданыста жүрген өнер сабағына арналған әдістемелік нұсқаулар мен оқулықтардың сапасы балалардың шығармашылық жұмысты орындауға байланысты қабілеттерін дамытуға ықпалы жеткіліксіз екенін көрсетуде. Ал осы уақытқа дейінгі орта мектептерде қолданыста болған Бейнелеу өнері сабағы бір ғана мақсатты көздеген болатын, ол балаға бейнелеу өнері тапсырмаларының түрлері бойынша, оның ішінде сәулет, дизайн бағыттары бойынша сурет салғызуды үйрету. Білім берудің сапасын көтеруде, балалардың жас ерекшеліктерінің ғылыми негіздеріне сүйену, жеке даралық қабілеттерін ескерудің қаншалықты қажет екендігі қазіргі уақытта маңызды екендігі дәлелденіп отыр. Сондықтан, біздің жоғары оқу орындарының оқытушылары мен мектеп мұғалімдеріне сынып оқушыларына берілетін тапсырмалардың көлемі мен мазмұнын, оны оқытудың жолын және табиғи қабілеттерін түсіндіретін жаңа талаптарды ескере отырып дайындалған оқулықтар ауадай қажет. Қазіргі жахандану заманында жастарымыздың рухани деңгейін көтеруге ықпал жасайтын пәндердің бірі бейнелеу өнері сабағы десек, оған сағаттың аз бөлінуі, бізді ойландыратын мәселе. Кейбір орта мектептерде бейнелеу өнері сабағының толық пән ретінде жүргізілмей қажетсіз сабақ ретінде қалатыны, дизайн, сәулетке байланысты тапсырмаларды тек компьютермен ғана орындауға айналдырып жіберуі, өнерді жақсы деңгейде меңгеріп шығуларына кері әсерін тигізіп келеді. Сондықтан кеше ғана Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында техникалық білімді терең оқыта отырып, қоғамда гуманитарлық білімді дамытуды жетілдіруіміз қажет дегенін есімізден шығармай, орындауымыз қажет [1]. Мектепте оқытылатын барлық пәндер, болашақта мамандық таңдауға аса қажет және адамның өмір сүруіне маңызды рөл атқаратынын қаншама ғасырдан бері дәлелденіп келе жатырғанын жақсы білеміз. Мысалы, адам денесіндегі мүшелерінің әрқайсының орындайтын, атқаратын өз міндеттері бар, сондықтан адам денесінің барлық мүшесі түгел, бірдей жұмыс істегенде ғана, біз сол адамды дені сау адам деп санаймыз. Міне, сол сияқты жоғары оқу орындары мен орта мектептегі оқытылатын пәндердің барлығы да осындай адамға білім мен тәрбие беруде қажетті деп санауымыз керек. Біз болашақ жастарымыздың бойына рухани, адамгершілік, отанын сүю сияқты сезімдерді терең қалыптастыруға ықпал жасау қажеттілігі өте маңызды мәселе екенін Елбасымызосы мақаласында ашық айтты. Рухани тәрбие беруде сәулет, дизайн және бейнелеу өнерінің тағы бір негізгі атқаратын міндеті бар – ол, әрбір баланың бойына мәдениеттілікті, отансүйгіштікті қалыптастыра отырып, табиғи шығармашылық қабілетін дамыту, соған қолдау жасау, болашақта суретші мамандығын таңдап алмаса да, өмірге қажетті қандай да

болмасын бір мамандықтың бәсекеге қабілетті білікті маманы болып шығуына ықпал жасау[6].

Ал қазіргі уақытта жастардың бойына кәсібилік, белсенділік, креативтік, бәсекеге қабілеттілік, ұлтжандылық, экологиялық сезімдерін қалыптастыру біздің тәуелсіз мемлекетіміздің негізгі міндеттерінің бірі. Осы міндеттердің орындалуына себебін тигізетін пәндер ол - бейнелеу өнері, дизайн және сәулет[7].

Дамыған 30 елдің қатарындағы елдермен бірге іргелі ел болуға, ұлт болып қалуымызға, мемлекеттік тілді, халқымыздың тарихын, мәдениетін, өнерін білетін, қазақтың жанын ұға алатын, елінің саясатынан хабардар өз саласының бәсекеге төтеп бере алатын нағыз маманын дайындау қазіргі Елбасымыздың өнер, білім салаларына қойып отырған негізгі талабы. Сондықтан бұл талапты орындауда балаларды ұлттық өнерімізбен сусындататын ұстаздардың білімі мен кәсіптік деңгейлері өте жоғары болуы басты шарт.

Әдебиет тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Астана, 12 2017ж
2. Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 10.01.2018ж.
3. Ростовцев Н.Н. Методика преподавания изобразительного искусства в школе, М.: Агар, 1998г
4. Аманжолов С.А. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2010, 342б.
5. Игнатъев Е.И. Психология изобразительной деятельности детей, Учпедгиз, М.: 1961
6. Ломов С.П., Аманжолов С.А. Методология художественного образования. М.; Прометей, 2011, -188с.
7. Article “Key issues in successful transformations of industrial heritage” by Anouk Scheltens, Theo Van Der Voordt and Philip Koppels